

**Шектеу іс - шараларын тоқтату Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Алешин ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 17 маусымдағы № 2 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Алешин ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 5 қаңтардағы № 1 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 11 қаңтарда № 26442 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына сәйкес, Меңдіқара ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық - санитариялық инспекторының 2021 жылғы 8 желтоқсандағы № 01-27/550 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Алешин ауылдық округінің Молодежное ауылының жеке секторының аумағында ірі қара малдың арасында бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитариялық іс – шаралардың жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Алешин ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 17 маусымдағы № 2 "Шектеу іс – шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23135 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Алешин ауылдық округінің әкімі*

*Е. Бекешев*